САРЫСУ АУДАНЫ
ДОСБОЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ДОСБОЛСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
САРЫСУСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

2026 жыл «10» наурыз № 15-ө

Досбол ауылы

село Досбол

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіні анықтау туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 5, 6-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес:

1. «Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошағында тұратын аудан тұрғындарын қорғау бойынша залалсыздандыру қызметін» сатып алу бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты болып Құлбергенова Гүлзира Бисенқұлқызы бекітілсін.

3. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 16-бабының 6-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып өнім берушіні анықтау жүргізілсін.

4. Өнім беруші Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының «Жамбыл облысының ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынына веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасы жіберілсін.

5. Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру жұмыстары жүргізілсін.

6. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтауда жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Негізі: Өндірістік қажеттілік.

Ауылдық округ әкімі А. Сапарбек

000030

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.